

Қазақстан Республикасы халқының мемлекеттік меншікті жекешелендіру, басқаруға және концессияға беру мәселелері жөнінде хабардар болуын арттыру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1997 жылғы 2 сәуір N 85-ө

Қазақстан Республикасы халқының мемлекеттік меншікті жекешелендіру, басқаруға және концессияға беру мәселелері жөнінде хабардар болуын арттыру мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаменті және Жекешелендіру жөніндегі департаменті:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік меншігін басқаруға, концессияға беру және сату жөнінде жасалатын контрактілердің негізгі шарттары жариялау үшін бұқаралық ақпарат құралдарына берсін;

жариялау кезінде қолданылып жүрген заңдарға сәйкес инвестор үшін коммерциялық құпияны құрайтын тармақтар мен баптар алынып тасталсын.

2. Осы өкімнің орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Қаржы министрі А.С. Павловқа жүктелсін.

Премьер-Министр